

Ақтөбе облысы, Қобда ауданының аумағында жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санының айқындау қағидаларын бекіту туралы

Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2022 жылғы 7 қазандағы № 229 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3 бабындағы 6 тармағына, "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес, Қобда аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қоса беріліп отырған Ақтөбе облысы, Қобда ауданының елді мекендері аумағындағы жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қоса беріліп отырған Қобда ауданының елді мекендері аумағындағы жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қобда аудандық  
мәслихатының хатшысы

Ж. Ергалиев

Қобда аудандық мәслихатының  
2022 жылғы 7 қазандағы  
№ 229 шешіміне 1 қосымша

**Қобда ауданының аумағындағы жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары**

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына сәйкес әзірленді және ауыл, ауылдық округ, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізудің қағидаларда белгілейді.

2. Осы қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті

әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны – ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынтына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

## **2-тaraу. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібі**

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін ауылдың, ауылдық округтің аумағы участкерге (ауылдар, көшелер, көппәтерлі тұрғын үйлер) бөлінеді.

4. Ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынтына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын ауылдың, ауылдық округтің әкімі шақырады және ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы ауыл, ауылдық округ әкімі аудандық бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе Қобда ауданы әкімдігінің ресми сайты, ауылдық округтерінің әлеуметтік желіліері арқылы олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабарлайды.

7. Ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй шегінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиынтын өткізуді ауыл, ауылдық округ әкімі ұйымдастырады.

Көше шегінде көппәтерлі үйлер болған жағдайда, көппәтерлі үйдің бөлек жиындары өткізілмейді.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынтының ашылуы алдында тиісті ауылдың, көшенің, көппәтерлі тұрғын үйдің қатысып отырған, оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда, көшеде, көппәтерлі үйде тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

Жергілікті қоғамдастық жиыны мен жергілікті қоғамдастық жиналышына кәмелетке толмаған адамдардың, сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың қатысуға құқығы жоқ.

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынтын ауыл, ауылдық округ әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Ауыл, ауылдық округ әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынтының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынтының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс берумен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын ауданың мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жергілікті қоғамдастық жиынына қатысушылар ұсынады.

11. Дауыс беру ашиқ тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп даусын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, он жұмыс күні ішінде оған төраға мен хатшы қол қояды және ол тиісті ауыл, ауылдық округ әкімінің аппаратына беріледі.

Қобда ауданының мәслихатының  
2022 жылғы 7 казандағы  
№ 229 шешіміне 2 қосымша

**Қобда ауданының елді мекендері аумағындағы жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау**

p/c №	Қобда ауданының елді мекенінің атауы	Қобда ауданының елді мекендері аumaғындағы жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұrғын үй тұrғындары өкілдерінің саны (адам)
Ақrap ауылдық округі		
1	Ақrap ауылы	3
Бегалы ауылдық округі		
2	Бескұдық ауылы	3
Бестау ауылдық округі		
3	Бестау ауылы	3
Бұлак ауылдық округі		
4	Әлия ауылы	3
5	Бұлак ауылы	1
Жарсай ауылдық округі		
6	Жарсай ауылы	3
7	Ақсай ауылы	1
8	Қарағанды ауылы	1
Жарық ауылдық округі		
9	Жарық ауылы	3
10	Жаманкөл ауылы	1
11	Қанай ауылы	1
12	Ортақ ауылы	1
Жиренқопа ауылдық округі		
13	Жиренқопа ауылы	3
И.Білтабанов атындағы ауылдық округі		

14	И.Білтабанов ауылы	3
15	Байтақ ауылы	1
16	Қосөткел ауылы	1
И.Күрманов атындағы ауылдық округі		
17	Егіндібұлақ ауылы	1
18	Бегалы ауылы	1
Қобда ауылдық округі		
19	Қобда ауылы	8
20	Құрсай ауылы	1
Қызылжар ауылдық округі		
21	Қызылжар ауылы	3
22	Қаракемер ауылы	1
Өтек ауылдық округі		
23	Өтек ауылы	1
24	Жарсай-2 ауылы	1
Сарбұлақ ауылдық округі		
25	Сарбұлақ ауылы	3
Сөгөлі ауылдық округі		
26	Сөгөлі ауылы	1
27	Кек үй ауылы	3
28	Қоғалы ауылы	1
Талдысай ауылдық округі		
29	Талдысай ауылы	3
Терісаккан ауылдық округі		
30	Терісаккан ауылы	3
31	Жанаталап ауылы	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК